

**АУМАҚТЫҚ НОТАРИАТТЫҚ ПАЛАТАҒА
МҮШЕЛІККЕ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ОДАН ШЫҒУ
ТУРАЛЫ РЕГЛАМЕНТ**

(2022 жылғы 28 желтоқсанда енген өзгерістер мен толықтырулармен)

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Регламент аумақтық нотариаттық палатаның *(бұдан әрі – АНП)* мүшелік шарттарын және мүшелікке қабылдау және аумақтық нотариаттық палатаның мүшелігінен шығу тәртібін айқындайды.

1.2. Регламент «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, АНП жарғысына және басқа да нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес әзірленді.

1.3. Осы Регламентте пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

Нотариус – жиырма бес жасқа толған, жоғары заң білімі, заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілі бар, нотариуста кемінде бір жыл тағылымдамадан өткен, әділет аттестаттау комиссиясында аттестаттаудан өткен және нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия алған Қазақстан Республикасының азаматы.

Нотариаттық округ – Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бөлінісіне сәйкес бір облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың аумағы танылады.

2. Мүшелік шарттары. Құқықтары мен міндеттері

2.1. АНП мүшелері тиісті нотариаттық округ аумағында жеке практикамен айналысатын нотариустар болып табылады.

2.2. АНП мүшелерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында, АНП Жарғысында және осы Регламентте көзделген тең құқықтары мен міндеттері болады.

3. АНП мүшелігіне қабылдау

3.1. АНП мүшелігіне кіру үшін үміткер АНП төрағасының атына қағаз немесе электрондық нысанда өтініш береді.

3.2. Үміткер өтінішке мынадай құжаттарды қоса береді:

1) Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

2) фотосуреті бар кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақ;

3) жоғары заң білімі туралы дипломның көшірмесі;

4) заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілін растайтын еңбек кітапшасының нотариалды куәландырылған көшірмесі не ҚР Еңбек кодексінің 34-бабында көзделген өзге де құжат;

Еңбек өтілін растайтын құжат мынадай құжаттардың бірі болып табылады (Еңбек кодексінің 34-бабы):

- еңбек кітапшасы;
- жұмыс берушінің тоқтатылған күні мен негізі туралы белгісі бар еңбек шарты;
- еңбек шартын жасасу және тоқтату негізінде еңбек қатынастарының туындағанын және тоқтатылғанын растайтын жұмыс берушінің актілерінен үзінді көшірмелер;
- қызметкерлерге жалақы беру ведомосынан үзінді көшірмелер;
- жұмыс беруші қол қойған, ұйымның мөрімен не нотариалды куәландырылған қызметтік тізім (*қызметкердің жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі*);
- аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелер;
- жүргізілген әлеуметтік аударымдар туралы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан мәліметтер;
- қызметкердің еңбек қызметі туралы мәліметтерді қамтитын мұрағаттық анықтама.

Үміткерден еңбек кітапшасына қосымша аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмені міндетті түрде талап етуге жол берілмейді.

5) нотариаттық қызметпен айналысу құқығына мемлекеттік лицензияның көшірмесі (*лицензия электрондық түрде берілген жағдайда, беру фактісі "Е-лицензиялау" интернет-порталы арқылы тексеріледі: <http://www/elicense.kz> және үміткер қағаз тасығышта қоса беріледі*);

б) психиатриялық және наркологиялық диспансерлерден, олар АНП-ға ұсынылғанға дейін бір айдан ерте емес анықтамалар.

7) АНП-ға ұсынылғанға дейін кемінде бір ай бұрын алынған соттылығының жоқтығы туралы анықтама.

3.3. Өтініш электрондық нысанда электрондық цифрлық қолтаңба қойыла отырып, АНП-ның ресми электрондық мекенжайына жіберіледі. Бұл ретте өтінішке қоса берілген барлық сканерленген құжаттар жоғары сапалы болуы тиіс.

3.4. Үміткер біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне және өзінің беделіне қатысты қосымша ақпарат беруге құқылы (*біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және т.б.*).

3.5. Қоса берілген құжаттары бар өтініш АНП кіріс хат-хабарлар журналында тіркеледі.

3.6. АНП мүшелігіне қабылдау туралы өтініште үміткер қай аумақта нотариаттық іс-әрекеттер жасайтынын, сондай-ақ АНП Жарғысымен және осы Регламентпен танысқаны туралы көрсетеді.

3.7. АНП мүшелігіне қабылдауды АНП Басқармасы Регламенттің 3.2-тармағына сәйкес құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша өтініш негізінде жүзеге асырады.

АНП мүшелігіне қабылдау туралы өтініш келіп түскен сәттен бастап бір ай ішінде қаралады және шешіледі.

Үміткер Басқарма шешім қабылдаған күннен бастап АНП мүшелігіне қабылданған болып есептеледі.

3.8. АНП Басқарма отырысы өткізілгенге дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей лицензиатқа Басқарма отырысының өткізілетін орны, күні мен уақыты туралы хабарлайды. Лицензиат АНП Басқармасының отырысына қатысуға құқылы.

3.9. Басқарма лицензиаттың құжаттарын қарайды және АНП мүшелігіне қабылдау не қабылдаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

3.10. АНП мүшелігіне қабылдау туралы шешім отырысқа қатысып отырған АНП Басқарма мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады.

3.11. АНП мүшелігіне қабылдау не қабылдаудан бас тарту туралы шешім лицензиатқа Басқарма отырысы күні не жазбаша нысанда не өтініш берушіні тиісті хабардар етуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалану арқылы ауызша хабарланады.

Басқарма шешімінен үзінді көшірме бес жұмыс күні ішінде аумақтық әділет органына жіберіледі және палатаның қабылданған мүшесіне беріледі.

3.12. АНП мүшелігіне қабылдаудан бас тартуға заңнамада белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

3.13. АНП мүшесіне жеке нотариус куәлігі беріледі.

4. АНП мүшелігінен шығу

4.1. АНП мүшелігінен шығу мынадай жағдайларда жүргізіледі:

- жеке практикамен айналысатын нотариустың өкілеттігін тоқтату туралы өтініш негізінде палата мүшелерінің өз еркімен шығуына байланысты;

- қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен нотариус лицензиясынан айыруға немесе оның қолданылуын тоқтатуға байланысты;

- нотариат туралы заңнамада, АНП жарғысында көзделген міндеттерді орындамағаны үшін палата мүшелерінен шығарылуына байланысты;

- нотариустың қайтыс болуына байланысты.

4.2. Палатаның мүшелерінен шығу туралы өтінішті нотариус Басқармаға ұсынады. Өтініш қағаз немесе электрондық нысанда беріледі.

4.3-тармаққа «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адвокаттық қызмет және заң көмегі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 9 маусымдағы № 49-VII ҚРЗ Заңына сәйкес өзгерістер енгізілді.

4.3. «Нотариат туралы» ҚР Заңының 15-бабының 4-тармағына сәйкес нотариус аумақтық әділет органына нотариаттық қызметті жүзеге асыруды тоқтату туралы хабарлама жіберілгенге дейін сақтаудағы барлық нотариаттық құжаттарды басқа нотариусқа немесе жекеше нотариаттық мұрағатқа беруге, жекеше нотариустың мөрін аумақтық нотариаттық палатаға тапсыруға міндетті.

4.4-тармаққа. РНП Басқармасының 2022 жылғы 28 желтоқсандағы шешімімен өзгерістер енгізілді.

4.4. Басқарма отырысында өтінішті қарау кезінде оған нотариаттық құжаттарды мұрағатқа немесе басқа нотариусқа қабылдау-тапсыру актісі, сондай-ақ нотариустың шығу парағы (*айналып өту парағы*) қоса беріледі:

- қор ісінде және репозиторийге енгізілген істерде құжаттардың бар-жоғын салыстырып тексеру туралы мұрағат директоры;

- АНП бас бухгалтері (*бухгалтері*) мүшелік жарналар бойынша берешектің жоқтығы, пайдаланылмаған қатаң есептілік бланкілерін қабылдау туралы;

- есепті кезеңдегі статистикалық есептерді қабылдау туралы АНП консультанты.

4.5. Шығу туралы өтінішті басқарма бір ай ішінде қарайды.

4.6. Нотариустың Палата мүшелерінен шығуы туралы шешім қатысып отырған басқарма мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады.

4.7. Нотариус лицензиясының қолданылуын тоқтата тұру кезеңінде ТНП мүшелігінен шығу туралы өтініш қабылданбайды.

4.8. (4.3-тармаққа енгізілген өзгерістерге сәйкес алынып тасталды.).